

"Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 107 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 111 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 1 маусымда № 34436 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10005 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

осы бұйрықпен бекітілген Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесінде:

орыс тіліндегі тақырыптың мәтініне өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтері (бұдан әрі - Әдістеме) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 17) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Тағам және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерін анықтау";

оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесіне 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесіне 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесіне 2-қосымша";

оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесіне 3-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесіне 3-қосымша".

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының туризм және спорт министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрі*

Е. МАРЖИКПАЕВ

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл агенттігі

(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік күзет қызметі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрі
2024 жылғы 28 мамырдағы
№ 111 Бұйрыққа
қосымша
Оқу-жаттығу процесі мен
спорттық іс- шаралар кезеңінде
спортшыларды, оның
ішінде барлық санаттағы әскери
қызметшілерді және құқық
қорғау және арнаулы
мемлекеттік органдардың
қызметкерлерін тамақтандыру
және фармакологиялық
қамтамасыз ету нормативтерінің
әдістемесіне
1-қосымша

Оқу-жаттығу процестері мен спорт іс-шараларына қатысатын спортшылардың тамақтану нормалары

р/с№	Спорт түрлерінің атауы	1 адамға шаққандағы тәулік ішіндегі күш-қуат шығыны, каллориямен	1 күнге 1 адамға арналған азық-түліктің орташа нормасы, граммен		Бір адамға шаққандағы тәулік ішіндегі шығыс нормасы, теңге
	Ашихара-каратэ, аударыспақ, батуттық гимнастика, биатлон, бирма бокс, бокс, белбеу күрес, велосипед спорты, велосипед спорты (тас жол), велосипедтік мотокросс (BMX), велотрек,		Нан өнімдері (ұн, ұнға есептегендегі нан және макарон, жармалар)	537	
Картоп			410		
Өртүрлі көкөністер			548		
Жас жемістер, оның ішінде			924		
жеміс шырыны			114		

1.	еркін күрес, байдарка мен каноэде есу, академиялық есу , есу слаломы, грек-рим күресі, грэпплинг (AIGA нұсқасы), грэпплинг UWW , джиу-джитсу, дзюдо, жекпе-жек, әйелдер күресі, қазақ күресі, кاراتэ (WKF), шинкиокушинка й кاراتэ, кҰкушин будокай кاراتэ, кاراتэ-до кекушин, кاراتэ-до шотокан, кҰкусин-кан кاراتэ-до, кекушинкай кاراتэ, кикбоксинг, киокушинкай-ка н кاراتэ, комбат дзю-дзюцу, конькимен жүгіру спорты, жеңіл атлетика, шаңғы жарыстары, маунтинбайк, мейбукан годзю-рю крате-до, муайтай (муай, тай боксы), панкратион, пара велоспорт, паракаратэ, пара дзюдо, пенчак силат, жүзу, ашық суда жүзу, су асты спорты, қоян-қолтық ұрыс, спорттық гимнастика, жауынгерлік жекпе-жектің	7 000 дейін	кептірілген жемістер	43	3 айлық есептік көрсеткішке дейін
			Жаңғақтар (грек, миндаль, фундук және басқалар) оның ішінде	100	
			балмен грек жаңғақтары	43	
			Қант	150	
			Өсімдік майы	46	
			Жұмыртқа	52	
			Сүт өнімдері (сүт, сүтке есептегендегі ашыған сүт), оның ішінде	2657	
			сүзбе	42	
			қаймақ	50	
			кілегей	15	
			ірімшік	24	
			сары май	51	
			Ет өнімдері	535	
			Балық өнімдері	195	
			Өзге өнімдер (шай, кофе,	13	

	аралас түрлері (ММА), сноуборд, спорттық самбо және жауынгерлік самбо, таеквондо ИТФ (I.T.F.), таэквандо WT, таеквон-до GTF, ауыр атлетика, унифайт, ушу, фристайл, шорт-трек, Nomad MMA		ашытқылар, тұз, бұрыш және сол сияқты)		
2.	Альпинизм, американдық футбол, қол күресі, әртістік жүзу (үйлесімді жүзу), асық ату, аэробты гимнастика, баскетбол, баскетбол 3x3, биатл, бодибилдинг, бочча, брейкинг, су добы, волейболды отырып ойнау, қол добы, гир спорты, голбол, гольф, тау шаңғысы спорты, жамбы ату, индорхоккей, классикалық волейбол, көкпар, лазер-ран, шаңғы қоссайысы, үстел теннисі, мұздағы хоккей жұбы, желкенді қайық спорты, пауэрлифтинг, жағажай волейболы, тәжірибелік ату, президенттік	5700 дейін	Нан өнімдері (ұн, ұнға есептегендегі нан және макарон, жармалар және бұршақтар) Картоп Өртүрлі көкөністер Жас жемістер, оның ішінде жеміс шырыны қант Өсімдік майы Жұмыртка Сүт өнімдері (сүт, сүтке есептегендегі ашыған сүт), оның ішінде сүзбе кілегей қаймақ ірімшік сары май Ет өнімдері Балық өнімдері	677 300 621 669 143 68 51 60 2908 32 4 54 24 69 401 100	2,3 айлық есептік көрсеткішке дейін

	көпсайыс (полиатлон), шаңғымен тұғырдан секіру, нысана көздеу, регби, спорттық құзға өрмелеу, спорттық туризм, спорттық бағдарлау, стенд ату, садақ ату, жылжымалы нысана көздеу, қазіргі бессайыс, тенге ілу, теннис, триатл, триатлон, семсерлесу, конькимен мәнерлеп сырғанау, футбол, футзал, көгалдағы хоккей, допты хоккей, шайбалы хоккей, черлидинг, эстетикалық топтық гимнастика		Өзге өнімдер (шай, кофе, ашытқылар, тұз, бұрыш және сол сияқты)	17	
3.	Авиация спорты, автмотоспорт, бадминтон, бәйге, бильярд, варминтинг, делбеші спорт, керлинг, киберспорт, ат спорты, ордабасы, құсбегілік, паралимпиадалық мәнерлеп жүру, петанк, өрт сөндіру және өрттен құтқару, суға секіру, радиоспорт, шана спорты, скейтбординг, снайпинг, пилондағы спорт, спорттық акробатика,	4900 дейін	Нан өнімдері (ұн, ұнға есептегендегі нан және макарон, жармалар, бұршақ) Картоп Әртүрлі көкөністер Жас жемістер, оның ішінде жеміс шырыны Қант Өсімдік майы Жұмыртқа Сүт өнімдері (сүт, сүтке есептегендегі ашыған сүт), оның ішінде	541 262 544 713 114 92 47 51 2287	1,7 айлық есептік көрсеткішке дейін

көркем гимнастика, спорттық балық аулау, спортинг, кеме модельдеу спорты, би спорты (спорттық би, қазіргі заманғы би, арбадағы би, спорттық-би хореографиясы), тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы	сүзбе	42
	қаймақ	46
	ірімшік	15
	сары май	48
	Ет өнімдері	417
	Балық өнімдері	135
	Өзге өнімдер (шай, кофе, ашытқылар, тұз, бұрыш және сол сияқты)	7,3

Ескертпе: тамақтану нормалары спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттары, олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждер, спорт колледждері бойынша, сондай-ақ Ұлттық штаттық құрама командалар және спорт резерві дирекциясының, Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының штаттық құрама командаларының мүшелері - спортшылардың оқу-жаттығу сабақтары болмаған күндері осы Әдістеменің 1-қосымшасының 3-тармағына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Тамақтану нормалары республикалық ұйымдар бойынша ең жоғары шығыстар бойынша қамтамасыз етіледі.

Спортшылардың тамақтану нормалары олимпиадалық, олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлерімен ортақ атаулары бар паралимпидалық, сурдлимпидалық және паралимпидалық емес спорт түрлеріне қолданылады.